GLENCORE

САЛЫҚ ТУРАЛЫ САЯСАТ



Кіріспе

Табиғи ресурстар өндіретін компаниялардың қызметі, және жасайтын төлемдеріміз, үкіметке өз табиғи ресурстарының құнын өндіріп алуға қолдау жасайды. Үкіметтер біз төлейтін салықтар мен роялтиді халықтың өмір сапасын жақсатру үшін мемлекеттік қызметтер мен инфраструктураны қаржыландыруға пайдалана алады.

Бұл Салық туралы саясат біздің салық салуға және салық істерімізді басқару мен бақылауға деген көзқарасымызды белгілейді және салыққа қатысты мәселелерді қарастырғанда Гленкордың жұмыс істейтін ортақ қағидаттар шеңберін белгілейді.

Бізден осы саясатты ұстану және корпоративтік табыс салығына, басқа тікелей және жанама үкіметтік баждарға, оның ішінде роялтиге қатысты, қай жерде алынса да, оның тәсілдері мен принциптерін ұстану талап етіледі.

Бұл саясат Glencore plc компаниясына қолданылады 2026 жылдың 25 қыркүйек және қолдануды жалғастырады ауыстырылғанға дейін.

Кімдерге қатысты қолданылады?

Бұл саясат барлық қызметкерлерге, директорларға және лауазымды адамдарға, сонымен қатар дүниежүзі бойынша Гленкор плс компаниясының тікелей немесе жанама бақылауындағы немесе басқаруындағы өнеркәсіп объектілері мен кеңселерінде жұмыс жасайтын Гленкордың күнделікті тікелей өндірісті жетекшілігіндегі мердігерлерге қатысты.

Осы саясаттың мақсатына үйлесімді жолдармен әрекет етуге ынталандыру үшін бақылаумыз бен пайдалануымыздан тыс біріккен кәсіпорындарға ықпал етеміз.

Біздің міндеттемелеріміз нені білдіреді?

Біздің жан-жақты қамтылған Әдептілік кодексімізге сәйкес, бірін қалдырмай, барлық қолданыстағы салық заңдарды, ережелерді және қағидаттарды орындауға міндеттенеміз.

Гленкор үшін ұтымды салықтық мәртебеге қол жеткізуді көздейміз. Бұл қысқа мерзімде мүмкін болатын ең төменгі салық нәтижесін емес, қол жеткізілген мәртебенің ұзақ мерзімді келешектегі тұрақтылығы мен сабақтастығын ескеретін оңтайлы салық нәтижесін білдіреді. Біз қолданыстағы заңдар мен қосарланған салықты болдырмау туралы келісім-шарттарға сәйкес жеңілдіктер мен артықшылықтарға қол жеткізу үшін шаралар қабылдауға тырысуымыз мүмкін. Жоғары азаматтық және қаржылық жауапкершілікті компания болу міндеттемемізбен үйлесімді экономикалық және коммерциялық мәні бар кез-келген корпоративтік құрылымдауды және/немесе трансакцияны құрылымдауды орындауға міндеттенеміз.

Гленкор, сондықтан, салықтан жалтару мақсатында немесе салыққа қатысты заңнаманың мәлемделген мақсатын қабылдамау үшін жасанды уағдаластық жасамайды. Сонымен қатар Гленкор агрессивті салықтық жоспарлауды қазірде де, болашақта да жүзеге асырмайды. Қажет деп тапқан кезде, біз Гленкор тобының коммерциялық және экономикалық қызметінің салықтық салдарын түсінуге және сол салдарларын орындауға қолдау көрсету үшін күрделілік немесе белгісіздік мәселелері бойынша сыртқы мамандардан кеңес сұраймыз.

Гленкор бюджеттік-салық саласында ашықтықты қолдайды, өйткені ол өндіруші қызметтен түсетін кірістердің жауапты басқарылуын ынталандырады. Әлеуметтік салаға салатын инвестиция жұмыстарымыз жүріп жатқан жерлердегі қауымдастықтарға үлесіміздің бір бөлігі. Біз қоғамдастықты дамыту, кәсіпкерлік пен жұмыс орындарын құру, денсаулық сақтау, білім беру және қоршаған ортаны қорғау бағдарламаларын қолдаймыз.



Салықтан жалтаруға мүмкіндік жасауды болдырмау

Гленкор салық төлеуден жалтарудың еш түріне, оның ішінде Гленкордың атынан әрекет ететін өз адамдарымыздың және басқалардың салық төлеуден жалтаруларына мүмкіндік жасауға жол бермейді.

Салық төлеуден жалтаруға ықпал ету Гленкорды Топтың беделіне елеулі зиян келтіру, сондай-ақ азаматтық және қылмыстық жауапкершілік сияқты елеулі қолайсыз салдарларға ұшыратуы мүмкін.

Біз кез келген осындай оңайлату немесе мүмкіндік жасау шараларына жол бермейтін рәсімдерді жүзеге асырамыз.

Салық есептеудегі тәуекелдерді басқару

Салық заңнамасы жиі күрделі болғандықтан, оның қолданылуы да түсініксіз болуы мүмкін, сондықтан біздің міндеттемелеріміз туралы түсінікті салық органдары әрқашан қабылдайтындығына кепілдік беру мүмкін емес. Сондықтан, біз барлық тиісті салықтық тәуекелдер туралы, оның ішінде сәйкестік мәселелері, қаржылық есептеме, салықтық жоспарлау, салықтық тексерулер мен заңнамалық жетілдірулерге қатысты хабардар болып отыруымызды көздейміз.

Біз салықтық тәуекелдерді анықтау, басқару және азайтуға деген көзқарасымызды реттейтін саясаттар құрдық. Анықталған салықтық тәуекелдер тиісті салықтық тәуекелдер принциптерінің және бақылау процедуралары шеңберінде белсенді басқарылады. Маңызды тәуекелдер туралы Басқарма мен Аудит жөніндегі комитетке үнемі хабарланады. Ықтимал үлкен қауіп-қатерлер пайда болу ықтималдығына және Гленкорға және оның мақсаттарына қаржылық немесе беделге кері әсеріне баййланысты бағалануы керек.

Салық заңдарын орындау

Гленкор өзіміз жұмыс жүргізетін юрисдикциялардағы салық заңдарын, ережелері мен нормативтік актілерді толық және тиімді сақтай отырып, салық заңдарын орындауға байланысты әкімшілік жүктемені азайтуды көздейді. Атап айтқанда, біз салық декларацияларын, шағымдарды, сайлаулар мен төлемдерді уақытында және мұқият жасауды көздейміз, және де пайыздар мен айыппұлдарды болдырмауға немесе азайтуға тырысамыз.

Салық органдары

Жұмыстарымыз жүргізіліп жатқан әр түрлі юрисдикциялардағы барлық салық органдарын Гленкор бизнестеріміздегі мүдделі тараптар ретінде танып, олардың маңызды рөлін мойындайды. Салық органдарымен барлық өзара қарым-қатынаста ашықпыз және белсендіміз. Гленкор тобының барлық компаниялары жергілікті салық органдарымен ашықтық пен сенімге негізделген сындарлы, ынтымақтастық және кәсіби қатынастарды сақтауға ұмтылуы керек.

Біз заң туралы түсініктеріміздің кей кездерде салық органдарының түсініктерінен өзгеше болуы мүмкін және қызметтер мен трансциялардың салық режимі белгісіз болатын салалар кездесетінін мойындаймыз. Мұндай жағдайларда біз мәселелерді мүмкіндігінше тез және әділетті түрде шаруаны ақылға қонымды қорытындыға келтіру мақсатында тиісті салық органымен белсенді талқылау жүргіземіз.

Салыққа[1] қатысты тұрақтылықты көздейтін жоғары азаматтық және қаржылық жауапкершілікті компания болуға міндеттенеміз.

1 Атап айтқанда, Топтың осы салық саясатын сақтай отырып, біз Ұлы Мәртебелінің кіріс және кеден алымдары жөніндегі басқармасының Біріккен сәйкестік принциптерін (HMRC) тоығымен орындаймыз деп сенеміз.

Трансферттік баға белгілеу

Гленкор Тобының компаниялары арасындағы мәмілелер Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) ұлтаралық компаниялар мен салық органдарына арналған трансферттік баға белгілеу туралы басшылық нұсқаулығында анықталған және ЭЫДҰ-ның кіріс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау туралы үлгілік келісім-шарттың 9-бабына енгізілген нарықтық тәуелсіздік принципіне сәйкес келуі керек. Бұл ережеде ешқандай ерекшелік болмауы қажет.

Жергілікті файлда трансферттік баға туралы жергілікті құжаттаманың болуы Гленкор Тобы үшін міндетті болып табылады және көптеген салық юрисдикцияларында заңды түрде талап етіледі. Топтың Салық бөлімі мақұлдаған шектеулі ерекшеліктерден басқа, барлық тиісті трансакциялар тиісті жергілікті файлда қаралуы керек.

Салық ресурстары

Кез-келген салық жұмысын жергілікті салық заңнамасын тиісті техникалық түсінігі бар қызметкерлер дайындап, содан кейін тәжірибелі салық маманы тексеруі керек. Жалпы/ең қолайлы ереже бойынша, мүмкіндігінше, біз бұл жұмысты өз бетімізбен және өз күшімізбен орындауға тырысамыз.

Өз күшімізбен орындауға қажетті тәжірибе мен біліктілік болмаған жағдайда осы саясаттың барлық аспектілерін түсіну және сақтау шартымен сырттан салық кеңесшілері тартылуы мүмкін.

Рөлдер мен жауапкершіліктер

Топтың Қаржы директорына салық мәселелері үшін жалпы жауапкершілік жүктелген және ол осы саясатты Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынуға және Аудит жөніндегі комитетке маңызды салық жоспарлаудағы өзгерістер мен маңызды салық тәуекелдері туралы ақпарат беруге айрықша жауапты.
Топтың салық бөлімі күнделікті салық жұмыстарына, осы саясатты әзірлеп, оны орындауға және салық тәуекелдерін басқаруға жауапты.



Ашық айту және қауіптену туралы хабарлау

Міндеттемелеріміздің орындалуын қамтамасыз ету әрқайсымыздың жауапкершілігіміз. Біз қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміздің ашық айтуларын және олардан Әдептілік кодексіміздің, саясаттарымыздың немесе заңның бұзылуына қатысты, өздеріне немесе басқаларға қатысты болса да, кез келген алаңдаушылық туралы баяндауларын талап етеміз. Бұл алаңдаушылықтар туралы менеджерлерге, супервайзерлерге немесе кеңселеріміз бен өнеркәсіптік объектілеріміздегі арнайы заңсыз әрекеттерге қатысты күдіктер бойынша байланыс мамандарын қамтитын басқа қолжетімді баяндау арналары арқылы көтерілуі керек. Біздің корпоративтік Алаңдаушылықтарды Баяндау бағдарламасының арналары қызметкерлерге, мердігерлерге және сыртқы тараптарға да қолжетімді. Сондай-ақ біз қызметкерлеріміз процедураларымыздағы талаптардың бұзылуы туралы хабарлап отырады деп күтеміз.

Glencore алаңдаушылықтарды байыппен қабылдайды да, олармен тезарада айналысады.

Өздерінің ойларынша әдепке жатпайтын, заңсыз немесе Кодексімізбен, саясаттарымызбен және процедураларымызбен үйлесімсіз әрекет туралы алаңдаушылықтарын ашық білдірген адамдардың, тіпті алаңдары дәлелсіз болса да, құдалаушылыққа немесе жазалауға ұшырауларына Glencore жол бермейді. Алаңдаушылық көтерген адам үшін, тек біле тұра жалған хабарлама жасамаса, ешқандай жағымсыз салдары болмайды.

Салдары

Біздің саясаттар Құндылықтарымыз бен Әдептілік кодексімізді одан ары нығайтып, біз үшін ненің маңызды екенін көрсетеді. Саясаттарымыздың бұзылуларына Гленкор қатал қарайды. Бұзушылықтың ауырлығына қарай, салдары да ескертуден басталып жұмыстан шығаруға дейін баруы мүмкін.

Қосымша ресурстар

ІШКІ

Құндылықтарымыз

Әдептілік кодексі

СЫРТҚЫ

HMRC (Ұлы мәртебелінің кіріс және кеден алымдары жөніндегі басқармасының) Біріккен сәйкестік принциптері

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ұлтаралық компаниялар мен салық органдарына арналған трансферттік баға белгілеу туралы басшылық нұсқау

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының кіріс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау туралы үлгілік келісім-шарт

Біздің мақсатымыз

> **Күнделікті өмірімізді жақсартатын тауарлармен жауапты түрде қамту**

ЖАЗҒАН	Топтың Қаржы Бөлімі
ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ:	30.10.2017
СОҢҒЫ РЕТ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ:	25.09.2026
НҰСҚА	6.5

Бұл саясат Гленкор плс. Директорлар кеңесімен бекітілген.

Glencore plc
Baarermattstrasse 3
CH-6340 Baar
Швейцария

ТЕЛ	+41 41 709 2000
ФАКС	+41 41 709 3000
EMAIL	info@glencore.com
ВЕБ САЙТ	glencore.com